

Шектеу іс-шараларын тоқтату және Баянауыл ауданы Бірлік ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 18 мамырдағы "Баянауыл ауданы Бірлік ауылдық округінің Ақбаз учаскесінде орналасқан "Мажит" шаруа қожалығының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 1-17/4 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Баянауыл ауданы Бірлік ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 18 тамыздағы № 1-17/6 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 19 тамызда № 6912 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Баянауыл ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық - санитариялық инспекторының 2020 жылғы 24 шілдедегі № 2-19/150 ұсынысы негізінде, Бірлік ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Баянауыл ауданы Бірлік ауылдық округінің Ақбаз учаскесінде орналасқан "Мажит" шаруа қожалығының аумағында ірі қара малдың құтыру ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық-санитарлық іс-шаралардың жүргізілуіне байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Баянауыл ауданы Бірлік ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 18 мамырдағы "Баянауыл ауданы Бірлік ауылдық округінің Ақбаз учаскесінде орналасқан "Мажит" шаруа қожалығының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 1-17/4 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6831 болып тіркелген, 2020 жылғы 20 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бірлік ауылдық округінің әкімі

А. Аманжолов